

"Текелі қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 180 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 31 шілдеде № 3319 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 22 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 27.01.2017 № 22 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Нигматулин Джалил Шамиловичқа осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қала әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Белдібеков Болат Дарабайұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

T. Қайнарбеков

Текелі қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 180 қаулысымен бекітілген қосымша

"Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.
2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.
3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Бөлімге егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .
8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041700, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Текелі қаласы, Абылай хан көшесі, № 34.
10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.
12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге

тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Бөлімнің миссиясы: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде қала аумағында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық зерттеуді ұйымдастыру;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуін тізбесін, кезеңділіктерін және кезектілігін айқындау;

5) кондоминиум объектісін басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған, тұрғын үй көмегінің қатысуымен қаржыландырылатын шығыстардың сметасын келісу;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайда қызмет көрсететін ұйымды айқындау;

8) кондоминиум объекті үй-жайларының (пәтерлерінің) меншік иелері етініш берген кезде кондоминиум объектісін басқару жөніндегі есептің бар-жоғын тексеруді жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалалық коммуналдық меншік объектілерін салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырысшы болу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаланың су құбырларын, жылу мен электр желілерін салуды және пайдалануды ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық орындарды

абаттандыру және сыртқы безендіруді үйымдастыру;

- 4) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын үйымдастыру;
- 5) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;
- 6) тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану бойынша іс-шараларды үйымдастыру;
- 7) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қоюды өз құзыretі шегінде жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау жөніндегі шығыстарды өтеуді бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз ету;
- 9) бюджеттік саланың мекемелері мен тұрғындар алатын коммуналдық қызметтер сапасының деңгейін тұрақтандыру және одан әрі өсіру мәселелерінде коммуналдық саладағы кәсіпорындармен өзара әрекет ету;
- 10) кондоминиум объектісіндегі үй-жай (пәтер) меншік иелерінің ортақ мүлкін қолдану, күтіп ұстau, пайдалану және жөндеу тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау;
- 11) тұrғын үйлерде (тұrғын ғимараттарда) үйге ортақ жылуды, энергияны, газды және су ресурстарын есептейтін аспаптардың болуына мемлекеттік бақылау;
- 12) кондоминиум объектісіндегі үй-жай меншік иелерінің ортақ мүліктің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалық құжаттамаларға сәйкес оны күтіп ұстau мен жөндеу бойынша жұмыстарды уақытында орындалуына мемлекеттік бақылау;
- 13) тұrғын үйді (тұrған ғимаратты) маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау;
- 14) қабылданған шешімдерді және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманы орындауға мемлекеттік бақылау;
- 15) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген тұрлери бойынша орындалған жұмыстың сапасына мемлекеттік бақылау;
- 16) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау және істерді қарau;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) тексеру жүргізген уақытта қызметтік куәлігін көрсеткен кезде тексерілетін объектіге бару;
- 2) тексеру жүргізу кезінде кез келген қажетті ақпаратты сұрату, тексеру нысанына жататын құжаттардың түпнұсқасымен танысу;

- 3) тексеруді "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу;
- 4) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін объектінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу;
- 5) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай ережелерінің бұзылуы туралы актілер жасау;
- 7) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай ережелерін бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқама шығару;
- 8) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- 9) жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;
- 10) Бөлімнің құзыretіне жататын қала әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;
- 11) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыretі шегінде басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
19. Бөлімнің бірінші басшысын Текелі қаласының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.
20. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасары жоқ.
21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:
 - 1) Бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Бөлімнің мұддесін білдіреді;
 - 3) шарттар жасасады;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банк шоттарын ашады;
 - 6) өз құзыretі шегінде Бөлімнің қызметкерлері, Бөлімнің қарамағындағы ұйымдардың, мемлекеттік мекемелердің директорлары орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;
 - 7) қаланың әкімі тағайындаған қызметкерлерді қоспағанда, Бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
 - 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Бөлімнің

қызметкерлерін көтермелегу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты үйымдастырады және осыған дербес жауап береді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің қарамағындағы үйымдардың тізбесі:

"Текелі қаласының тұрғын үй-пайдалану кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктістегі.

Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

Текелі қаласы әкімдігінің "Текелі Су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.